

АТА ЗАҢ- ЕЛ ТІРЕГІ



2 топ оқушыларымен 3 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Конституциясына байланысты «Ата Заң – ел тірегі» тақырыбында дөңгелек үстел өткіздім. Дөңгелек үстелдің басты мақсаты – жасжеткіншектердің өз Ата заңын білуді, еліне адал болуды, адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру болды.

Оқушылар тарих бетінен өз орнын ойып алған «Шыңғыс ханның үш жасағын», «Қасым ханның қысқа жолын», Есім ханның ескі жолын», әз-Тәукенің «Жеті жарғысын» және де 1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы қабылданғанын айтты. Ол 4 бөлім, 21 тараудан тараудан тұрады. Ата Заң қағидалары жайлы сөз болған кезде мемлекеттік рәміздерге тоқталмай өте алмаймыз, олар жөнінде сөз ете кеттік. 1992 жылы ҚР мемлекеттік рәміздері қабылданды. Мемлекеттік гимн орындалды.

Тәрбиеші Байсеитова А.Д.